

АҚ «Астана медицина университеті»  
Еңбек гигиенасы және коммуналдық гигиена кафедрасы

# СӨЖ

**Тақырыбы:** ГРЭС еңбек гигиенасы

**Орындаған:** Шапатова Ж.Е.

**Тобы:** 503 ҚДС

**Тексерген:** аға оқытушы Каюпова Ш.Қ.

Астана 2017жыл

# Жоспары

---

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
  - 1. ГРЭС өндірісіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің жұмысы
  - 2. ГРЭС өндірісіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың жай-күйіне бақылау жасау
  - 3. Еңбекті қорғау саласындағы саясаттың орындалуын ГРЭС өзіне қабылдаған басты қағидаттары мен мақсаттары
  - 4. ГРЭС өндірісіндегі комитеттің жұмысы
  - 5. ГРЭС өндірісіндегі денсаулық пунктінің жұмысы
- III. Қорытынды
- IV. Пайдаланылған әдебиеттер



# Кіріспе

---


Еңбекті қорғауды басқару өзіне еңбек үдерісінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын, жұмыс қабілетін сақтауға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру, техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдік-алдын алушылық, медициналық және әлеуметтік-шараларды жүзеге асыру үшін басқарушылық шешімдерді дайындау, қабылдау және іске асыру қызметтерін қамтиды. ГРЭС еңбекті қорғау саласындағы саясатының негізгі қағидаты кәсіпорынның өндірістік қызметінің нәтижелеріне қарағанда қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын тану мен қамтамасыз ету болып табылады.

---



# ГРЭС өндірісіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің жұмысы

---

- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің жұмысы
    - электр стансасы персоналының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді, нормалар мен нұсқаулықтарды, өндірістік санитарияны, жұмыстың қауіпсіз жағдайлары мен әдістерін қамтамасыз етуге бағытталған директивалық материалдарды, басшылық нұсқаулар мен ережелерді орындауы мен сақтауына
    - жазатайым оқиғалардан, өндірістік жарақаттанушылық, кәсіптік аурулардан сақтандыру жөніндегі жұмыстарға;
    - станса персоналын жұмыстарды қауіпсіз жүргізу әдістеріне, зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету, өрт сөндірудің бастапқы құралдарын қолдану әдістеріне оқытуды өткізуге;
    - өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға бақылау жасауды жүзеге асырады.
- 
- 

# ГРЭС өндірісіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың жай-күйіне бақылау жасау

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың жай-күйіне бақылау жасаудың негізгі формасы – үшсатылы бақылау. **Оның міндеті** – еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша іс-шаралар кешенін орындауды ұйымдастыру, сондай-ақ үш жалғасты деңгейде айқындалған бұзушылықтарды жою үшін жауаптыларды тағайындау

## •Бірінші саты

- күн сайын жүзеге асырылады, жауаптылар – шеберлер мен ауысым бастықтары

## •Екінші саты

- бөлімше басшысы өткізеді

## •Үшінші саты

- бас директор, оның орынбасары, бас инженердің, бас инженердің орынбасарлары, департаменттер, бөлімшелер басшылары мен ЕҚЖЕҚ қызметі қызметкерлерінің қатысуымен ай сайын «Қауіпсіздік техникасы күні» ұйымдастырылады.

Бақылаудың нәтижелері бойынша актілер жасалады, қорытындылары жауаптылар және орындалу мерзімдері тағайындалумен ГРЭС бойынша бұйрықпен ресімделеді.

# Еңбекті қорғау саласындағы саясаттың орындалуын ГРЭС өзіне қабылдаған басты қағидаттары мен мақсаттары

---

- Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан сақтандыру жолымен ұйымның барлық қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі мен еңбекті қорғау жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілерді, бағдарламаларды, ұжымдық шарттарды, ішкі құжаттарды және еңбекті қорғау жөніндегі басқа да талаптарды сақтау.
- Қажетті жабдықтармен, аспаппен қамтамасыз ету және оларды қауіпсіз және сенімді жай-күйде ұстау.
- Қызметкерлерді жұмыстың қауіпсіз әдістеріне үйрету және олардың кәсіптік біліктілігін, күзiретiлiгiн, хабардарлығын, жауапкершілігі мен еңбекті қорғау саласындағы мәдениетін тұрақты арттыру.
- Қызметкерлердің еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және кәсіптік денсаулық саласындағы білімі мен жауапкершілік деңгейін жүйелі арттыру.



# ГРЭС өндірісіндегі комитеттің жұмысы

---

Жұмыс беруші мен қызметкерлердің еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардан сақтандыру талаптарын қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру мақсатымен 2012 жылдан бастап еңбекті қорғау жөніндегі комитет жұмыс істейді.

## •Комитеттің міндеттері

- персоналды жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі, денсаулыққа зақым келтірілудің орын алған тәуекелі мен зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмысы үшін тиісті өтемақылар, жеке қорғану құралдары туралы хабардар ету.
- жұмыс берушіге жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау және қызметкерлер денсаулығының жай-күйіне талдау жасау негізінде еңбекті қорғау проблемаларын шешу бойынша тиісті ұсыныстар дайындау



# ГРЭС өндірісіндегі денсаулық пунктiнiң жұмысы

---

- Денсаулық пунктi

- дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді;

- персонал арасында ақпараттық құралдарды пайдаланумен, стенділер мен басқа да көрнекті үгітті безендірумен аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы түсінік беру жұмысын;

- статистикалық есеп пен есептілікті жүргізуді;

- қызметкерлерді гигиена ережелеріне оқытуды;

- құрылымдық бөлімшелердегі өнеркәсіптік санитария мен еңбек гигиенасына бақылау жасауды;

- станция қызметкерлерінің ауруға шалдығушылығына талдау жасауды;

- персоналды ауысым алдында медициналық куәлендіруді.

---





# Қорытынды

---

ЕКЖЕК қызметі күнделікті, жоспарлы, түнгі және кенет тексерістердің көмегімен еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің жай-күйіне тұрақты бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады. Тексерістердің нәтижелері бойынша актілер жасалады, айқындалған бұзушылықтарды жоюға нұсқаулар беріледі. ГРЭС өндірістік қызметіндегі басымдыққа ие міндет – еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанушылықты төмендету, жол бермеу және алдын алу. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша күнделікті жұмыстың нәтижесі кәсіпорындағы жарақаттанушылықтың төменгі деңгейі болды. Барлық қызметкерлер өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандырылған.

---



# Пайдаланылған әдебиеттер

---

1. Терехов И. А. Результаты исследования микроэлементного состава волос персонала ГРЭС». // Естественные и технические науки. – 2006.
2. <http://kadry.mcfr.kz/article/222-energetikaday-ebekt-ora-u-jambyl-maes-ny-tjribes>
3. Терехов И. А. Гигиеническая характеристика условий труда персонала электростанции. // Медицинские науки. – 2006.

